

## "Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 303 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2015 жылы 21 мамырда № 11106 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы № 275 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 31.03.2020 № 275 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон полициясы департаменті:

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығының" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын "Әдіlet" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Е.З. Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаментіне (С.С. Сайынов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ішкі істер министрі  
полиция генерал-лейтенанты

К. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі  
Ә. Иsekeshев

2015 жылғы 20 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушы

М. Құсайынов

2015 жылғы 17 сәуір

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2015 жылғы 6 сәуірдегі  
№ 303 бұйрығымен бекітілген

## **"Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің аумақтық көші-қон полициясы бөлімшелері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) арқылы көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші, оның ішінде "электрондық үкіметтің" [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі.

Портал арқылы мемлекеттік қызмет шетелдікті қабылдайтын жеке тұлға алғашқы тіркеуге жүгінген кезде көрсетіледі.

### **2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің тәртібі**

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың топтамасын тапсырған сәттен бастап – 1 (бір) жұмыс күні;

құжаттардың топтамасын тапсыру үшін рұқсат етілген ең ұзақ күту уақыты – 20 (жиырма) минут;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудін рұқсат етілген ең ұзақ күту уақыты – 20 (жиырма) минут.

2) портал арқылы өтініш білдірген кезде – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көші-қон карточкасына мөр және көрсетілетін қызмет беруші лауазымды адамның қолын қою болып табылады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның тіркелгені туралы паспортқа жапсырма қағаз жолданады, ол қағаз тасымалдағышқа басып шығарылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру нысаны: электронды және (немесе) қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерінен басқа дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда (сағат 13-00-ден 14-30-ға дейін тұскі асқа үзіліспен сағат 9-00-ден 18-30-ға дейін).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижесін беру сағат 13-00-ден 14-30-ға дейін тұскі асқа үзіліспен сағат 9-00-ден 17-30-ға дейін көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүзеге асырылады.

2) Порталдың жұмыс кестесі - тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтініштерді қабылдау және көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (шетелдікті, азаматтығы жоқ адамды қабылдайтын көрсетілетін қызметті алушылар, сондай-ақ шетелдіктер) көрсетілетін қызметті берушіге өтініш білдірген кезде мемлекеттік қызмет көрсете үшін ұсынатын қажетті құжаттар тізбесі:

1) Қазақстан Республикасына кіруге және болуға визасы бар шетелдіктің не азаматтығы жоқ адамның жеке басын қуәландыратын жарамды құжат, визасыз болу туралы келісімдер ратификацияланған елдердің азаматтары үшін виза талап етілмейді;

2) Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің лауазымды адамдары беретін шекараны кесіп өткені туралы белгісі бар көші-қон карточкасы;

3) еркін нысандағы тіркеу туралы қолдауhat.

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшада көрсетілген санаттардың біріне жататын көрсетілетін қызметті алушылар жеке өтініші бойынша тіркеледі.

Қазақстан Республикасында уақытша болуы 6 (алты) айдан астам мерзімді құрайтын көрсетілетін қызметті алушыларды (шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды) тіркеу үшін қосымша:

толтырылған екі мекенжай келу парағы;

келу парағына толтырылған статистикалық есепке алу талоны;

35x45 мм мөлшердегі бір фотосурет ұсынылады.

Портал арқылы өтініш білдірген кезде көрсетілетін қызметті алушы осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттар жөніндегі мәліметтерді көрсете отырып, ЭЦҚ-мен қуәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу жолдайды.

Жеке басын қуәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық ұқімет" шлюзы арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шагымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне

(әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе Министрліктің атына беріледі.

Шағым пошта арқылы жазбаша нысанда немесе электрондық түрде Министрлік басшысының блогына не көрсетіletіn қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымда көрсетіletіn қызметті алушы тегін, атын, әкесінің атын, пошталық мекенжайын, шығыс нөмірі мен күнін көрсетеді. Шағымға көрсетіletіn қызметті алушы қол қояды.

Қабылданған шағым қызметті берушінің жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін есепке алу журналдарында тіркеледі. Шағымның қабылданғанын растайтын құжат күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, сондай-ақ берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны және шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды адамдардың байланыс деректері көрсетілген талон болып табылады.

Көрсетіletіn қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетіletіn қызметті алушының шағымы оны тіркеген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетіletіn қызметті алушыға пошта бойынша жолданады не көрсетіletіn қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңесінде қолма-қол беріледі.

Мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетіletіn қызметті алушы көрсетіletіn мемлекеттіk қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетіletіn қызметті алушының шағымы ол тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Мемлекеттіk көрсетіletіn қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетіletіn қызметті алушының шағымы ол тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

11. Мемлекеттіk көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетіletіn қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

#### **4. Мемлекеттіk қызмет, оның ішінде электрондық нысанда көрсетіletіn қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар**

12. Мүмкіндіктері шектеулі көрсетіletіn қызметті алушылар мемлекеттіk қызмет берушіге өтініш білдірген кезде оларға мемлекеттіk көрсетіletіn қызмет ерекшеліктері:

1) физикалық мүмкіндіктері шектеулі көрсетілетін қызметті алушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар көзделген, ғимараттарға кіреберістер пандустармен жабдықталған, күтуге арналған креслолар бар;

2) денсаулық жағдайы бойынша көрсетілетін қызметті берушіге жеке келуіне мүмкіндігі жоқ көрсетілетін қызметті алушылардан мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін қажетті құжаттарды қабылдауды көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жеріне шыға отырып жүзеге асырады.

13. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет орындарының мекенжайлары Министрліктің [www.mvd.kz](http://www.mvd.kz) интернет-ресурсында "Ішкі істер органдарының қызметі туралы" бөлімде орналастырылады.

14. Көрсетілетін қызметті алушыда ЭЦҚ болған жағдайда, ол мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда ала алады.

15. Көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы қашықтықтан ену режимінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібі мен барысы туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің [www.mvd.gov.kz](http://www.mvd.gov.kz) интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы: 1414.

"Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

## **Тіркеу жеке өтініші бойынша жүзеге асырылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың санаттары**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 7 наурыздағы № 175 және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі міндетін атқарушысының 2013 жылғы 5 наурыздағы № 08-1-1-1/71 бірлескен бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың жарамдылық мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларына 7-қосымшаға сәйкес Азаматтары "A1", "A2", "B1", "B2", "D1", және "G1" санаттағы бір мәртелік визаларды, сондай-ақ "F1" санатындағы бір мәртелік және екі мәртелік санаттағы визаларды ресімдеген кезде визалық қолдауды немесе шақыруды ұсыну қажеттілігінен босатылған мемлекеттердің тізімінде көрсетілген елдердің азаматтары;

2. "Туристік" санаттағы визалардың иелері;

3. Қазақстан Республикасына жұбайларымен, балаларымен немесе ата-аналарымен - шетел азаматтарымен бірге келген шетелдіктер;
4. Қазақстан Республикасымен байланысын растайтын құжаттардың иелері ( ұлттық паспорттағы баған немесе Қазақстан Республикасында туғаны туралы қуәлік, Қазақстан Республикасында жақын туысының жерленгені туралы құжаттың көшірмесі, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы анықтаманың көшірмесі);
5. Қазақ диаспорасының өкілдері-шетелдіктер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК